

Қазақ тілі ,орыс тілі бойынша 7-9 мектеп оқушыларының дәптерлерін
тексеру қорытындыларына байланысты

АНЫҚТАМА

2023 жылғы 01 қараша мен 03 қараша аралығында 7-11 сыныптарында
қазақ тілі мен орыс тілі пәндері бойынша дәптер тексеру жайы зерттелді.

Тексеру мақсаты: Қазақ тілі мен орыс тілі пәндері бойынша дәптер жүргізу
кезінде бірыңғай орфографиялық режимді сақтау; оқушылардың
орфографиялық қырағылығын арттыру жөніндегі мұғалімдер жұмысының
тиімділігін арттыру.

7,9 сыныптарда – дәріс беретін қазақ тілі мұғалімі Жапабаева Айнур
Масгутовна

7 6,8 а 11 сыныптарда – дәріс беретін қазақ тілі мұғалімі Рахат Айсұлу

7 АБ,8А,9АБ - дәріс беретін мұғалім Сардарбекова Галия Габбасовна
Сынып оқушыларында қазақ тілі мен орыс тілі пәндеріне арналған 2
БЖБ, 1ТЖБ және 2 жұмыс дәптерлері бар.

Жинақталған ақпараттар және оларды талдау нәтижелері бойынша қазақ тілі
мен орыс тілі пәндері бойынша қорытынды пікірлер мынадай:

7 сыныптарда жазбаша жұмыстар бағдарламалық материалға сәйкес
жүргізіледі. Сынып жұмыстарының көлемі 7 сыныптарда бағдарламалық
материалына қойылатын нормативтік талаптардан аспайды. Дәптерлер
тұрақты түрде тексеріледі, мұғалімдер каллиграфияға көніл бөледі,
бағдарламалық материалдар орындалу үстінде.

7 «А» сыныбында нашар жазатын оқушылармен мұғалімдер жеке жұмыс
атқарып жатыр.

8 сыныптарда мұғалім дәптерлерді тексеріп, қол қойған, жұмыс мазмұны
бағдарламалық материалмен сай келеді. Мұғалім бірыңғай орфографиялық
режимді сақтау жөнінде оқушылармен айтарлықтай жұмыстар атқару
үстінде. Оқушылардың каллиграфиясына байланысты елеулі жұмыстар
жүргізілуде. Мұғалім жүйелі түрде әріптердің үлгілерін, әріптердің бірігу
үлгілерін, сөз үлгілерін оқушы дәптерлеріне жазып көрсетіп отырады.
Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың көлемі нормаға сәйкес,
тұрақты түрде қателерді түзету жұмыстары атқарылады. Оқушы жұмыстарын
тексеру сапасы жақсы, мұғалім тарарапынан жіберілген қателер байқалған жок.
Жазба жұмыстарын талдай отырып, мынадай қорытындыға келуге болады:
Сабак беретін мұғалімдер сабакта дәріс берудің әр түрлі формаларын

қолданады. Атап айтқанда: орыс тілі бойынша – диктовка арқылы жазу, көшіріп жазудың түрлі тәсілдері, есте сақтау арқылы жазу, шығармашылық жұмыстар;

9 «А» сыныптарда дәптерлерге оқушылар қол қойған, жұмыстардың мазмұны бағдарламалық материалға сай. Мұғалімдер бірыңгай орфографиялық ережені сақтау жөнінде оқушылармен жақсы жұмыс жүргізген. Сынып жұмыстары мен үй жұмыстарының көлемі нормаға сәйкес. Мұғалімдер бірыңгай орфографиялық режимді сақтау жөнінде оқушылармен айтарлықтай жұмыстар атқару үстінде. Оқушылардың каллиграфиясына байланысты елеулі жұмыстар жүргізілуде. Сыныпта және үйде орындалатын тапсырмалардың қателерін түзету жұмыстары атқарылады. Оқушы жұмыстарын тексеру сапасы жақсы, мұғалім тарарапынан жіберілген қателер байқалған жоқ. 9 «А» сынып оқушылары Байған Маржан, Ылгар Назерке, Куанышбек Шолпан, Токсумбаева Назгульдің дәптерлері үлгілі деп айтуға болады.

Жазба жұмыстарын талдай отырып, мынадай қорытындыға келуге болады: мұғалім сабакта дәріс берудің әртүрлі формаларын қолданады. Атап айтқанда: орыс тілі бойынша – диктовка арқылы жазу, есте сақтау арқылы жазу, шығармашылық жұмыстар.

Барлығын қортындылай келе 7-9 сынып оқушыларының дәптерлері жақсы:

1. жасалған жұмыстардың қорытындысы орындалған, бағалары қойылған.
2. Дәптерлері толық, талапқа сай толтырылған, сырты жазылған, қапталған.
3. Орыс тілі пәннін өткен бақылау жұмыстары жоспарға сәйкес журналға бағалары қойылған.
4. Сынып оқушыларының да дәптерлері тексерілді, пән мұғалімінің күнделікті тексеретіні байқалады.

Тексеру қорытындылары бойынша ұсынымдар:

7-9 сынып мұғалімдері оқушылардың каллиграфиясына байланысты жұмыстарды қүштейтуі қажет.

-Қазақ тіл мен орыс тіліне арналған дәптерлерді жүргізу кезінде бірыңгай орфографиялық режимнің қатаң сақталуын қадағалау шарт.

-Қателер бойынша тұрақты түрде жұмыс жүргізілуі керек.

-Дәптерлер жүйелі түрде тексеріліп, орфографиялық қателердің орын алуына жол бермеген жөн.

Директордың оқу ісінің орынбасары

Омарова А.М